

полковник Алимкулов Серғали Амантайұлының
«8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасы әскери
бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» атты
диссертациялық жұмысына
РЕЦЕНЗИЯ

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылымның басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Диссертация тақырыбы Қазақстан тарихындағы тарихи тәжірибеге жүргізілген ғылыми зеттеуге бағытталған. Ондағы басты мақсат, 1920 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі әскери БАҚ-тың проблемалық мәселелерін анықтау және оларды шешу жолдарын көрсету. Аталған тақырып Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты және бүгінгі таңда қажетті сұранысқа ие. Жұмыс тақырыбының өзектілігі анық белгіленген және негізделген, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (ҚР ҚК) іске асырылатын ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкес келетінін атап өту керек.

2. Өзектілігі

Егемен Қазақстан кезеңінде ҚР ҚК әскери БАҚ-та бірнеше рет реформа жүргізілді. Аталған жағдайды ескере отырып, әскери БАҚ-тың жұмысы әскери саяси бағытта, әскери қызметшілерді тәрбиелеу және идеологиялық жұмыстарын жүргізуде басты рөл атқарды. Қазіргі уақытта, әскери БАҚ бүгінгі заман талабына сай болуы керек, оның орны және рөлі ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді және нақтылау қажеттігі туындайды.

Диссертация тақырыбының өзектілігін бірқатар жағдайларға негіздеуге болады:

біріншіден, ҚР ҚК жүргізіліп отырған әскери саясатты ақпараттық қамтамасыз етудегі және әскери қызметшілердің өмірімен қоғамды таныстыруда қазіргі заманауи БАҚ-тың алатын орны мен маңызын айқындау;

екіншіден, бейбіт және соғыс уақытында әскери баспасөздің жұмыс істеу тиімділігін зерттеу, тарихи материалдардың негізінде әскери баспасөздің тиімділігін арттырудың жаңа жолдарын табу, ғылыми тұрғыда жүйелендіру мәселесін қарастыру;

үшіншіден, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде БАҚ құралдарының алатын орны, ол әскери саясатта халықтың ой-санасына патриоттық, Отан сүйгіштік сезіміне дұрыс ықпал етуі, арандатушы күштерге қарсы идеологиялық тұрғыда күрес жүргізуі, сонын ішінде кибершабуылға қарсы тұра білу мақсаттарының көзделгені;

төртіншіден, Қазақстан ХХІ ғасырда нарықтық экономикаға кірді, осы себепте жастардың қоғамда болып жатқан өзгерістерді көріп-байқап жетілуі

әскерге деген қарым-қатынасын өзгертті. Құндылықтар өзгерді, осы себепте, қазіргі таңда жастардың сана-сезіміне бағытталған БАҚ-тың жұмысының мәні мен маңызы.

Зерттеу жұмысының өзектілігін негіздеп қорытындыласақ, Қазақстанның әскери БАҚ-тың қалыптасуы мен дамуын ғылыми тұрғыда мүмкіндіктерін зерттеу, келешекте пайда болытын жаңа технологияларға мән беру маңызды мәселе.

3. Жанашылдық қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияның ғылыми нәтижелері, ұсыныстары мен қорытындылары жаңа болып табылады, ҚР ҚК әскери БАҚ-тың дамуы үшін маңызды мәні бар деп саралауға болатын теориялық нәтижелерді қамтиды.

Бірінші ғылыми нәтиже, талдау нәтижесінде Қазақстанның әскери БАҚ жүйесіндегі барлық зерттелетін кезеңдегі тарихнама, деректану және әдіснама талдауының нәтижелері.

Екінші ғылыми нәтиже, Қазақстанда 1920 жылдан бастап осы күнге дейінгі кезеңде әскери БАҚ құралдарының пайда болуымен оның дамуы жайында тарихи фактілерді жүйелендіру нәтижелері.

Үшінші ғылыми нәтиже, қазіргі кезеңдегі Қазақстан әскери БАҚ-тың жетістіктері мен кемшіліктері басқа дамыған мемлекеттердің әскери БАҚ құралдарымен салыстырмалы түрде қаралып, ерекшеліктері тіркелген;

Төртінші ғылыми нәтиже, Қазақстанның әскери БАҚ жүйесіне соғыс уақытында әскерге үзіліссіз қызмет көрсетуі үшін шартты ұсыныстардың дайындалуы, әскери БАҚ-тың перспективті бағыттары айқындалған.

4. Дербестік қағидаттарына сәйкестігі

Полковник Алимкулов Сергали Амантайұлының: «Қазақстан Республикасы әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» атты диссертациясы тарихнамалық және деректанулық талдау жүргізумен дербес жазылған және автордың ғылымға, ҚР ҚК әскери БАҚ-тың дамуына қосқан жеке үлесін куәландырады.

Автор ғылыми ізденісте диссертациялық материалды жақсы меңгерген. Алдына қойған сұрақтарды тарихи фактілермен жан-жақты талдау жасап, дәлелдік базасын толықтырып өз пікірін негіздей білген. Диссертациялық материалда автордың өзіндік ғылыми стилі байқалады.

5. Сенімділік қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелері, қорытындылары, ұсынымдары, негізділігі мен шынайылығы зерттеудің ауқымды деректік базасымен ерекшеленеді. Идеологиялық бағыттылық байқалмайды, жаңа әдіснамалық тәсілдерді пайдаланып, әр түрлі әдістерді қолдана отырып, түрлі бағыттағы көлемді материалдарды талдай білген.

Диссертацияда автордың дәйектілік принципін сақтауын, зерттеудің ғылыми әдіснамасын сақтауын, ғылыми мәселелер мен қайшылықтарды тұжырымдаудың дұрыстығын, мазмұны жағынан параграфтарының мағыналы байланысын көреміз. Аprobациялық актілерімен автор негізгі тұжырымдарын бекітіп, іс жүзінде енгізу жасап растаған.

6. Ішкі бірлік қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияның барлық бөлімдері мен бөлімшелерінің тұжырымдары мен пайымдаулары орынды, өзара байланысты. Ғылыми нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады, бұл диссертацияда ішкі бірлік қағидаты сақталғандығы көрінеді.

7. Практикалық құндылық қағидаттарына сәйкестігі

С.А. Алимкуловтың зерттеуі практикалық құндылық қағидаттарына сәйкестігі келесі мақсаттарға пайдалануында байқалады:

- ҚР ҚК әскери тарихы бойынша оқулықтарды, оқу құралдарын және арнайы курстарды жазу кезінде;
- ҚР әскери бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту бойынша, ғылыми-зерттеу жұмыстарында;
- ҚР студент және әскерге шақырылушы жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыста;
- БАҚ жетілдіру мәселелерінде докторанттар мен магистранттардың одан әрі ғылыми-зерттеу жұмысында практикалық маңызға ие болады;
- түрлі мұрағаттарынан алынған фактологиялық материалды Қорғаныс министрлігі Ақпарат және коммуникация департаментіне Тарихи формуляр жүргізу үшін ұсынуға болады;
- диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары, теориялық ұсынымдары әскери оқу орындарының, жоғары азаматтық оқу орындарының әскери кафедраларының оқу процесінде диссертация тақырыбы бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін;
- автор жүргізген деректерді жинау, талдау және қорыту, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы келешегі» шеңберіндегі мәселелерді зерттеу және осы негізде практикалық ұсыныстарды әзірлеудің өзі, практикалық құндылыққа ие.

8. Академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері, түйіні мен қорытындылары автордың баяндамаларында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми мақалаларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда көрініс тапқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының Әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру және дамыту жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу барысында пайдаланылды.

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін жалпы бағалай отырып, келесі ескертулерді айту керек.

1. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі Подольск қ. орталық мұрағатының мұрағат деректерін пайдалану керек еді.

2. Жұмыста орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі.

Аталған ескертулер жалпы зерттеудің ғылыми мәнін төмендетпейді және диссертацияның негізгі теориялық және практикалық нәтижелеріне әсер етпейді.

9. Диссертацияны қорғауға жіберу мүмкіндігі туралы қорытынды

Диссертация мен оның материалдарын талдау негізінде, «Қазақстан Республикасы әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» тақырыбындағы диссертация дербес, шығармашылық, ғылыми еңбек болып табылады. Қазақстанның қазіргі әскери-тарихи ғылымы үшін өзекті тақырыпқа арналған, жаңалығымен, практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ауқымды шынайы статистикалық және мұрағаттық материалға негізделеді, баяндамаларда және жарияланымдарда қажетті апробациядан өтті деп санаймын. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережесінің талаптарына сәйкес келеді және «8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларды қорғауға жіберілуін қолдаймын.

Рецензиялаушы,

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

бастығының орынбасары

PhD докторы, полковник



Д. Майхиев

полковник Алимкулов Серғали Амантайұлының «8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» атты диссертациялық жұмысына
РЕЦЕНЗИЯ

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылымның басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Диссертация тақырыбы бойынша тарихи тәжірибеге жүргізілген ғылыми зерттеу, проблемалық мәселелерді анықтау, оларды шешу бағыттары Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында уақтылы және сұранысқа ие болып табылады. Ұсынылған жұмысты талдау зерттеу тақырыбының өзектілігі анық белгіленгенін және негізделгенін сонымен қатар Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде іске асырылатын ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкес келетінін атап өтуге мүмкіндік береді.

2. Өзектілігі


Өткен онжылдықта ҚР әскери БАҚ бірнеше рет реформалауға ұшырады. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, әскери БАҚ-тың жұмыс істеуінің саяси, экономикалық және басқа да тетіктерінің және олардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамына әсер етуінің өзгергенін ескере отырып, әскери қызметшілерді тәрбиелеудегі отандық әскери БАҚ-тың қазіргі заманғы орны мен рөлін ғылыми тұрғыдан нақтылау қажеттілігі туындайды.

Диссертация тақырыбының өзектілігі бірқатар жағдайларға байланысты:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Әскери саясатын ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіндегі әскери БАҚ-тың орны мен рөлін, сондай-ақ елдің қоғамдық-саяси өміріндегі БАҚ-тың рөлінің артуын, олардың қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларына, оның ішінде әскери іс саласына енуін нақтылау қажеттілігі.

Екіншіден, бейбіт және соғыс уақытында әскери баспасөздің жұмыс істеу тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында жинақтауды, жүйелендіруді және ғылыми пайымдауды талап ететін Қазақстан Республикасының әскери БАҚ қызметінің проблемалары бойынша көптеген материалдар мен көздердің болуы.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының дамытудың тарихи тәжірибесін талдаудың аса қажеттілігі



Төртіншіден, Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту проблемасына қатысты зерттеу тақырыбының өзектілігі әскери істе ақпараттық фактордың өсіп келе жатқан рөліне бағытталған Әскери доктринаның ережелерімен негізделген. Әскери доктринаға сәйкес Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне қалыптасқан жағдайларда мемлекеттің әскери ұйымының ақпараттық жүйелеріне, Қазақстан Республикасының Әскери және әскери-экономикалық әлеуетін төмендету мүддесінде елдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне бағдарламалық-техникалық ықпал етуді (кибершабуылдар) жүзеге асыра алатынын атап өткен жөн.

Бесіншіден, әскери саясаттың экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени салаларында болған елеулі өзгерістер жастардың, Армия жауынгерлерінің едәуір бөлігінде мемлекеттік және әскери істерге деген қызығушылығының төмендеуін, саяси және азаматтық жетілмеуін, әскерде қызмет етуге ниеттің жоқтығын тудырды.

Осылайша, Қазақстанның әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы мен дамуының бастауларын, жаңа мұрағат құжаттарын пайдалана отырып, оның тарихи тәжірибесін зерделеуден, қазіргі жағдайда жетілдіру жолдарын және оның даму перспективаларын анықтаудан тұратын өзекті ғылыми міндет пайда болды.

3. Жаңашылдық қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсыныстары мен қорытындылары жаңа болып табылады және диссертация Қазақстанның әскери-тарихи ғылымының дамуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы үшін маңызды мәні бар деп саралауға болатын теориялық нәтижелерді қамтиды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы алғаш рет:

- мәселенің тарихнамасы жинақталып, жүйеленді, деректік база кеңейтілді, ғылыми айналымға бұрын ғылыми жұртшылыққа іс жүзінде белгісіз және зерттелетін кезеңде Қазақстанның әскери бұқаралық ақпарат құралдарын жан-жақты ұсынуға мүмкіндік беретін жаңа мұрағаттық құжаттар мен материалдар енгізілді;

- Қазақстанның әскери-тарихи ғылымында алғаш рет Қазақстанның әскери бұқаралық ақпарат құралдарының тарихы оның пайда болған сәтінен бастап қазіргі уақытқа дейін жүз жылдан астам уақыт бойы кешенді түрде зерттелді;

- тарихи-салыстырмалы талдау негізінде Қазақстан Республикасының және жетекші шет елдердің әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі жай-күйінің проблемалық мәселелері анықталды;

- Қазақстан Республикасының әскери БАҚ қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді, әскери БАҚ дамуының перспективалық бағыттары айқындалды.

4. Дербестік қағидаттарына сәйкестігі

Полковник Алимкулов Серғали Амантайұлының: «Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» атты диссертациясы тарихнамалық және деректанулық талдау жүргізумен дербес жазылған және автордың ғылымға, Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына қосқан жеке үлесін куәландырады.

Автор материалды баяндайды, сұрақтар қояды және оларға нақты және дәлелді жауап береді, фактілерді жан-жақты талдау және өз пікірлерін негіздеу негізінде, бұл материалды баяндаудың өзіндік ғылыми стилі туралы айтуға мүмкіндік береді.

5 Сенімділік қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылардың, ұсынымдардың негізділігі мен шынайылығы зерттеудің ауқымды деректік базасымен, идеологиялық бағыттылықты жоққа шығаратын жаңа әдіснамалық тәсілдерді пайдаланумен, сондай-ақ әр түрлі әдістерді қолдана отырып, әр түрлі бағыттағы көлемді материалды талдай білумен қамтамасыз етіледі.

Диссертацияда дәйектілік принципін сақтау, автордың зерттеудің ғылыми әдіснамасын сақтауы, ғылыми мәселелер мен қайшылықтарды тұжырымдаудың дұрыстығы, диссертация параграфтарының қисынды байланысын негіздеу туралы қорытынды жасауға болады, ал анықталған өзара байланыстар мен бекітулер енгізу және апробациялау актілерімен расталады.

6. Ішкі бірлік қағидаттарына сәйкестігі

Диссертацияның барлық бөлімдері мен бөлімшелерінің тұжырымдары мен пайымдаулары қисынды өзара байланысты, ал ғылыми ережелер, нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады, бұл диссертацияда ішкі бірлік қағидатын сақтауды айғақтайды

7. Практикалық құндылық қағидаттарына сәйкестігі

С.А.Алимкуловтың зерттеуі Қазақстанның әскери тарихы бойынша оқулықтарды, оқу құралдарын және арнайы курстарды жазу кезінде; Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту бойынша, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ҚР студент және әскерге шақырылушы жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыста, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын жетілдіру мәселелерінде докторанттар мен магистранттардың одан әрі ғылыми-зерттеу жұмысында практикалық маңызға ие болады. Сондай-ақ түрлі мұрағаттардан алынған фактологиялық материалды Ақпарат және коммуникация департаментіне Тарихи формуляр жүргізу үшін ұсынуға болады.

Сонымен қатар диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары, теориялық ережелері мен ұсынымдары әскери оқу орындарының, жоғары азаматтық оқу орындарының әскери кафедраларының оқу процесінде диссертация тақырыбы бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Жалпы, автор жүргізген деректерді жинау, талдау және қорыту, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» шеңберіндегі мәселелерді зерттеу және осы негізде практикалық ұсыныстарды әзірлеу, сөзсіз, үлкен практикалық құндылыққа ие.

8. Академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігі

Ұсынылған материалдарды талдау автордың диссертацияны жазу кезінде басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін мүлтіксіз сақтағанын көрсетті. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері, түйіні мен қорытындылары автордың баяндамаларында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми мақалаларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда көрініс тапты. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру және дамыту жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу барысында пайдаланылды.

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін жалпы бағалай отырып, келесі ескертулерді айту керек.

1. Автордың зерттеу және анықталған база көздерін анықтай отырып, оның үлкен жұмыс жасап, басшылық құжаттарға аса көңіл бөлгені туралы байқалады, бірақ осы тақырып бойынша шетел зерттеушілерінің еңбектерін толық қолданбағаны байқалады.

2. Зерттеу міндеттеріне сәйкес әскери қызметшілерді тәрбиелеу мәселесі қарастырылмаған, ал диссертация бойынша осы бағытта арнайы бөлім бар. (2.3 Қазақстандық бұқаралық-ақпарат құралдарының соғыс жылдарынан кейінгі уақыттағы әскери қызметшілерді тәрбиелеудегі рөлі. (1946-1991 жж.).

Аталған ескертулер жалпы зерттеудің ғылыми мәнін төмендетпейді және диссертацияның негізгі теориялық және практикалық нәтижелеріне әсер етпейді.

9. Диссертацияны қорғауға жіберу мүмкіндігі туралы қорытынды

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, сондай-ақ диссертация мен оның материалдарын талдау негізінде, «Қазақстан Республикасының әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы және келешегі» тақырыбында диссертация дербес, шығармашылық, ғылыми еңбек болып табылады,

Қазақстанның қазіргі әскери-тарихи ғылымы үшін өзекті тақырыпқа арналған, жаңалығымен, практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді, ауқымды шынайы статистикалық және мұрағаттық материалға негізделеді, баяндамаларда және жарияланымдарда қажетті апробациядан өтті деп санаймын. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережесінің талаптарына сәйкес келеді және «8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларды қорғауға жіберілуін қолдаймын.

Рецензиялаушы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті тарих факультетінің деканы

тарих ғылымдарының докторы, профессор  Т.С.Садықов

«20» 06 2020 жыл

